



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 ЖЫЛҒЫ

Қазақстан Республикасындағы ересек халықтың
темекі тұтынуы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Мета деректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Керейбаева Самал Байзаққызы

Қасенова Рымжан Бейбітқызы

S.1.4 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

S.1.5 010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө.сол жағалауы, Мәңгілік Ел 8 көшесі,
Министрліктер үйі, 4- кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

s.kereibayeva@aspire.gov.kz

r.kasenova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-98-06, 74-96-87

S.2 Өзектілік-кіріспе

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасында ересек халықтың темекі тұтынуы туралы негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Деректер кейбір демографиялық белгілер бойынша жіктеледі: жынысы, жас топтары, жергілікті жердің типі (қала, ауыл) және өңірлер бөлінісі бойынша.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған мета деректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Сапа бойынша есеп жылына бір рет жүргізілетін Ересек халықтың темекі тұтынуын зерттеу бойынша қалыптасты.

Осы зерттеуде темекіні тұтыну, пассивті темекі тарту және оны тастау әрекетінің жиілігін бағалау деректері, сондай-ақ темекі тұтынудың алдын алуына араласу мен бақылау шараларының мониторингісі зерттеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушісі, сонымен қатар ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының басшылығы бекіткен белгілі бір анықтамалықтар пайдаланылады.

S.4.3 Секторлық қамту

Ересек халықтың темекі тұтынуы туралы зерттеуге жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктер мен басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда тұрғын үй-жайлардың барлық түрінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

- 1) Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасында ересек халықтың темекі тұтынуы туралы негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Деректер жылдық негізде қалыптастырылады (өңірлер бөлінісінде);
- 2) Үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект;
- 3) Ересек халықтың темекі тұтыну бойынша зерттеудің респонденті болып үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесі қатысады;
- 4) Құрал: «Ересек халыққа темекі тұтынуы туралы сауал салу» статистикалық нысаны (индексі –D007, кезеңділігі жылына бір рет);
- 5) Байқау типі: іріктемелі зерттеу;

б) Респонденттердің ұсыну мерзімі— есепті кезеңнің 11 шілдесіне (қоса алғанда) дейін. Нысанды соңғы қайта қарау 2021 жылы болды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет ресурсында (www.stat.gov.kz) респонденттер үшін бөлімінде – 2021 жылғы статистикалық нысандар-жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған;

S.4.5 Статистикалық объект

Зерттеудің объектісі үй шаруашылығы болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Бас жиынтыққа коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктер мен басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда тұрғын үй-жайлардың барлық түрінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Іріктеудің түпкілікті бірлігі ретінде сондай-ақ зерттеу бірлігі де болып табылатын үй шаруашылығы анықталды. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы іріктемені қалыптастырудың әрбір сатысындағы стратификациялау және кездейсоқ іріктеу рәсімдерін қолдана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен қалыптастырылады. Стратификациялау рәсімі халық жіктелуінің аумақтық ерекшеліктерін барабар көрсететін үй шаруашылықтарының өкілді іріктемелі жиынтығын қалыптастыруға бағытталған. Іріктеменің көлемін 12000 үй шаруашылықғы құрайды. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық Халық санағының қорытындысы бойынша құрылған тұрғын үй-жайлардың тіркелімі (тізім) негізінде аумақтық қағидат бойынша жүргізілді. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті «Тұрғын үй қоры статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТҚСТ) негізгі дерекқор болып

табылады. Жүйе республикалық, сондай-ақ облыстық деңгейде репрезентативті болып табылады.

**2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бас жиынтық бойынша
халық пен үй шаруашылықтарының саны**

	Бас жиынтық бойынша халықтың саны, адам*			Бас жиынтық бойынша үй шаруашылықтарының саны, үй шаруашылығы**		
	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер
Қазақстан						
Республикасы	18 970 050	11 216 944	7 753 106	5 539 339	3 564 489	1 974 850
Ақмола	736 229	349 746	386 483	245 545	125 222	120 323
Ақтөбе	900 988	647 109	253 879	243 652	180 169	63 483
Алматы	2 092 404	457 422	1 634 982	605 725	147 294	458 431
Атырау	663 239	360 747	302 492	152 324	88 335	63 989
Батыс Қазақстан	663 851	350 171	313 680	190 071	106 709	83 362
Жамбыл	1 145 455	457 447	688 008	296 177	126 419	169 758
Қарағанды	1 375 549	1 099 997	275 552	436 758	359 929	76 829
Қостанай	862 450	505 399	357 051	323 404	202 451	120 953
Қызылорда	782 372	329 409	452 963	164 686	73 993	90 693
Маңғыстау	730 042	293 404	436 638	168 958	81 868	87 090
Павлодар	750 097	529 972	220 125	237 562	172 660	64 902
Солтүстік Қазақстан	541 436	253 299	288 137	198 894	94 307	104 587
Түркістан	2 059 028	424 518	1 634 510	395 524	92 817	302 707
Шығыс Қазақстан	1 361 690	853 084	508 606	512 485	344 742	167 743
Нұр-Сұлтан қ.	1 207 339	1 207 339	-	389 715	389 715	-
Алматы қ.	2 001 304	2 001 304	-	673 404	673 404	-
Шымкент қ.	1 096 577	1 096 577	-	304 455	304 455	-

*Байқоңыр қаласының халқының санын қоспағанда демографиялық статистиканың деректері

**Орташа үй шаруашылықтары бойынша орта көрсеткіштерді қалыптастыру үшін есептеу жолымен анықталды

S.4.7 Аумақтық қамту

Іріктемелі зерттеу Қазақстан Республикасының барлық аумағын (14 облыс пен республикалық маңызы бар қалалар, астана) қамтиды.

S.4.8 Қамту уақыты

Ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу 2020 жылдан бері жылына бір рет жүргізіледі.

S.4.9 Базалық кезең

Қолданылмайды.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам, пайыз, дана.

S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда тіркелген.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 02 шілдедегі №31 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістеме.

Барлық әдіснама Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Тұрмыс деңгейі және үй шаруашылықтарын зерттеу

статистикасы бөлімінде орналастырылған. Статистикалық құрал ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау.

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық–деректермен жұмыс істеу

1)Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

2)Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 2 шілдедегі №31 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістеме.

Тұрғындарға сауал салу арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы сұхбат жүргізу әдісімен және респонденттердің статистикалық нысандарды өз бетінше толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір интервьюермен өтеулі қызметтер көрсету шарты жасалады. Шарттың ең маңызды талаптарының бірі болатын «Күпиялылық» 4-бөлімі болып табылады, онда «Осы шартты орындау кезінде респонденттерден алынған алғашқы статистикалық деректер күпия болып табылады. Тараптар осы шарт бойынша алғашқы статистикалық деректерге қол жеткізуді міндеттемелерді орындауға тікелей қатысатын адамдарға ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте олардың таралуы бойынша тиісті адамдарға құзыреті шегінде қамтамасыз етеді.

Күпиялылық туралы осы ереже шарттың қолданылуының барлық мерзімінде, сондай-ақ шарт тоқтатылғаннан кейін де (бұзылғаннан кейін) әрекет етеді» делінген.

Алғашқы статистикалық деректерге қолжетімділік интервьюерден басқа үй шаруашылықтарына зерттеуді жүргізуді қамтамасыз ететін және интервьюерлердің жұмысын бақылауды жүзеге асыратын қызметтік міндеттемелеріне сәйкес аумақтық статистика органдарының қызметкерлерінде, сондай-ақ Алматы қаласындағы «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК-нің салалық бөлімшелерінің қызметкерлерінде бар.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 26-бабы 1,2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Негізгі//Негізгі құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Негізгі//Негізгі құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға бірмезгілде қолжеткізуге тең құқықтарды және мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы қамтамасыз етеді. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының сайты - www.stat.gov.kz. Ресми статистика // Салалар бойынша //Тұрмыс деңгейі статистикасы// Бюллетеньдер

S.10 Тарату жиілігі

Жылына бір рет

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы ересек халықтың темекі тұтынуы» статистикалық бюллетені ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Ресми статистика // Тұрмыс деңгейі статистикасы // Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;

S.11.3 Онлайн деректер базасы

Ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша статистикалық деректер «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесіне енгізілмейді.

S.11.3.1 АС1.Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микро деректерге қолжетімділік

Микро деректерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын

сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

S.11.5 Өзгеде

S.11.5.1 АС2. Метадеректер–кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) «Статистика бойынша әдіснамалық ережелер» 2018 жылғы, толықтырылған төртінші басылымы, ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында, «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген;

3) Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген.

4) Тұрмыс деңгейін бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі» Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 31 бұйрығымен бекітілген. ҚР СЖЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Әдістеме»// Тұрмыс деңгейі және үй шаруашылықтарын зерттеу статистикасы бөлімінде бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат;
2. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары;
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ересек халықтың темекі тұтынуы туралы деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімдерді қолдану;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі бар;
- іріктемелі жиынтықтық ротациясы;
- деректер сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтырудың дұрыстығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптардың болмауын төмендету мақсатында электрондық форматты алғашқы деректерді енгізу деңгейінде анықтықты тексеру белгіленген, сондай алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық статистикалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматтық-логикалық бақылаулар енгізілген;

S.13.2 Сапаны бағалау

«Ересек халыққа темекі тұтынуы туралы сауал салу» статистикалық нысаны «Ересек халыққа темекі тұтыну туралы жаһандық сауал салуды жүргізу (GATS)» іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшыларымен бірлесіп әзірленді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

«Пайдаланушыларға сауал салу» Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға жыл сайын сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/R1.Деректердің толықтығы-үлес

Ересек халықтың темекі тұтынуы туралы байқау үй шаруашылықтарының бюджеті бойынша негізгі зерттеудің модулі болып табылады, респонденттер тобы бір. Үй шаруашылықтарының іріктемесі зерттелетін үй шаруашылықтарының жалпы санынан 1/3 көлемде жыл сайынғы ротациясымен (іріктемені жаңарту) жыл басына қалыптастырылады. Яғни жыл сайын үй шаруашылықтарының 1/3 бөлігі іріктемеден шығарылады және басқа үй шаруашылықтарына алмастырылатын болады. Осылайша, 3 жыл өткен соң іріктемеге толық жаңарту жүргізіледі. Іріктеменің көлемін 12000 үй шаруашылығы құрайды. 2021 жылы зерттеуде респонденттер ретінде 11886 үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесі немесе зерттелетін үй шаруашылықтарының жергілікті каталогынан іріктелген (ҮШКАТ) 2007 жылдың маусым айынан кеш емес туғандар қатысты. D 007 сауалнамасы бойынша сұрақтарға жауап бермеген респонденттер үлесі 0,05% құрайды. Негізгі себептер респонденттің басқа мекенжайға, тұрғылықты тұруға басқа елге көшуі, қайтыс болуы, атаулы әлеуметтік көмекті алмағандықтан бас тартуы, денсаулық жағдайлары болып табылады. Табылмаған респонденттер (үй шаруашылығы) жоқ.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленген. Осы Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

Іріктеме көлемі шығынның ұтымды тіркесім қағидаты және нәтижелердің нақтылық тапсырылған өлшемшарттары негізінде айқындалады. Статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі қолданылады.

1. Іріктеменің стандартты қатесі (бұдан әрі – СҚ) – бұл осы параметрдің іріктемелі ортақ мәнінен іріктеме параметрі мәнінің стандартты ауытқуы.

СҚ келесі формула арқылы анықталады:

$$SE = \frac{\delta\sqrt{Deff}}{\sqrt{n}} \quad (1)$$

мұндағы,

SE – іріктеменің стандартты қатесі;

δ – дисперсия;

Deff – іріктеме дизайнының ықпалы (қала және ауыл үшін сәйкесінше 1.0 және 2.0 құрайды);

n – іріктеме көлемі.

Қала және ауылға арналған (Deff) іріктеу дизайнының ықпалы сәйкесінше 1.0 және 2.0 құрайды. Осы болжамға сүйене отырып ССҚ есептеледі. Қалалық жерлерге арналған Deff-1.0 болжамы үлкен қалалар едәуір шағын аумақтық бірліктерге бөлінбейтіндіктен, зерттеу қалалық кластерлерінің кездейсоқ

іріктемеге жақындауымен түсіндіріледі. Deff-2.0 болжамы ауылдық жерлерде тек басқа елдердің тәжірибесіне негізделеді.

2021 жылға темекі тұтыну бойынша іріктемелі зерттеу нәтижелерін бағалаудың дәлдігінің көрсеткіштері

	Темекі тұтыну бойынша іріктемелі зерттеу бойынша алынған деректер (11886 респондент)*	Стандартты қате, %	Салыстырмалы стандартты қате, %	Шекті қате, %
Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны, адам	0,0003	0,0003	0,17	0,0007
Қазіргі уақытта бір күнде тартылатын темекі өнімдерінің саны, дана	44,1	44,1	0,74	86,5

*Басты жиынтыққа таралумен бірге

S.15.2 Іріктеме қатесі-индикаторлар/A1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі пайдаланылады. Іріктеме көлемі республикалық деңгейде 4%-дан және өңірлік деңгейде 7%-дан аспайтын қатесі бар нәтижелерді алуды қамтамасыз етеді. Әрбір стратада іріктелген алғашқы іріктемелі бірліктердің (АІБ) саны және әрбір АІБ үй шаруашылықтарының саны, сондай-ақ олардың аймақтар бойынша таратылуы 1-Кестеде көрсетілген.

1-кесте. Старталар бойынша алғашқы іріктемелі бірліктерді бөлу (қала және ауылдық жер)

Өңір атауы	Үй шаруашылықтарының саны			АІБ саны		
	барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл
Қазақстан Республикасы	12000	6540	5460	400	218	182
Ақмола	840	360	480	28	12	16
Ақтөбе	780	360	420	26	12	14
Алматы	720	240	480	24	8	16

Атырау	510	300	210	17	10	7
Батыс Қазақстан	660	240	420	22	8	14
Жамбыл	630	270	360	21	9	12
Қарағанды	960	600	360	32	20	12
Қостанай	810	360	450	27	12	15
Қызылорда	600	240	360	20	8	12
Маңғыстау	540	330	210	18	11	7
Түркістан	840	360	480	28	12	16
Павлодар	660	270	390	22	9	13
Солтүстік Қазақстан	600	210	390	20	7	13
Шығыс Қазақстан	900	450	450	30	15	15
Нұр-Сұлтан қ.	600	600	-	20	20	-
Алматы қ.	810	810	-	27	27	-
Шымкент қ.	540	540	-	18	18	-

Салыстырмалы стандартты қатенің шамасын бағалау үшін ауыспалы ретінде зерттеу үшін едәуір маңызды деп саналатын көрсеткіштер пайдаланылады. Темекі тұтыну бойынша зерттеуде мұндай көрсеткіштерге «Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны», «Қазіргі уақытта бір күнде тартылатын темекі өнімдерінің саны» жатады.

Төмендегі кестелерде 2021 жылға темекі тұтыну бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер дәлдігін бағалайтын көрсеткіштер көрсетілді.

Кестеде көрсетілген деректер көрсеткіштердің дәлдігінің алынған бағалаулары өңірлік деңгейде жеткілікті сенімді екендігін куәландырады. Салыстырмалы стандартты қате коэффициентінің шамасы Маңғыстау облысы бойынша «Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны» көрсеткішті үшін ең жоғарғы 1,51% мәнді қабылдайды. Осылайша, бұл көрсеткішті бағалау сенімді болып табылады (салыстырмалы стандартты қате коэффициентінің мәні 5%-дан аз).

Іріктеменің шекті қателігі шамасының ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысы бойынша «Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны» көрсеткіші үшін 0,0041 адамды құрайды, яғни 95% ықтималдықпен «Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны» көрсеткішінің шын мәні 23472 – 140435 адам аралығында.

2-кесте. 2021 жылға ересек халықтың темекі тұтынуы бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша көрсеткіштердің дәлдігін бағалау сипаттамасы

2.1 Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны

	Қазіргі уақытта темекі тартатын респонденттердің саны, адам	Іріктеменің стандартты қатесі (Se)	Сенімді аралық шамасы (P=0,95), ± теңге		Салыстырмалы стандартты қате (RSE), (вариация коэффициенті), %	Шекті қате
			төменгі шек	жоғарғы шек		
Қазақстан Республикасы	1105063	0,0003	1 103 183	1 106 943	0,17	0,0007
Ақмола	57172	0,0015	56 793	57 551	0,66	0,0030
Ақтөбе	55439	0,0016	55 059	55 820	0,69	0,0031
Алматы	140435	0,0010	139 838	141 033	0,43	0,0019
Атырау	29222	0,0021	28 908	29 535	1,07	0,0041
Батыс Қазақстан	31908	0,0019	31 548	32 268	1,13	0,0038
Жамбыл	82724	0,0013	82 332	83 116	0,47	0,0026
Қарағанды	92446	0,0012	91 929	92 963	0,56	0,0023
Қостанай	75920	0,0013	75 485	76 356	0,57	0,0026
Қызылорда	34238	0,0020	33 916	34 559	0,94	0,0038
Маңғыстау	23472	0,0021	23 118	23 825	1,51	0,0041
Түркістан	55929	0,0016	55 557	56 301	0,66	0,0031
Павлодар	48622	0,0017	48 285	48 959	0,69	0,0033
Солтүстік Қазақстан	56136	0,0014	55 597	56 676	0,96	0,0027
Шығыс Қазақстан	103589	0,0011	103 018	104 160	0,55	0,0022
Нұр-Сұлтан қ.	69015	0,0013	68 501	69 529	0,74	0,0026
Алматы қ.	91095	0,0011	90 388	91 803	0,78	0,0021
Шымкент қ.	57701	0,0015	57 257	58 144	0,77	0,0029

2.2 Қазіргі уақытта бір күнде тартылатын темекі өнімдерінің саны

	Қазіргі уақытта бір күнде тартылатын темекі өнімдерінің саны, дана	Іріктеменің стандартты қатесі (Se)	Салыстырмалы стандартты қате (RSE), (вариация коэффициенті) %	Шекті қате
Қазақстан Республикасы	12 791 465	44,1	0,74	86,5
Ақмола	947 368	91,3	1,72	178,9
Ақтөбе	637 092	128,9	3,02	252,7
Алматы	1 811 008	301,9	1,92	591,6
Атырау	254 162	126,0	3,47	247,0
Батыс Қазақстан	335 947	98,9	2,77	193,8
Жамбыл	878 619	168,6	2,73	330,5
Қарағанды	1 249 475	135,4	2,21	265,4
Қостанай	1 036 578	99,9	1,71	195,7
Қызылорда	407 124	98,4	2,61	192,8
Маңғыстау	133 630	50,6	2,46	99,2
Түркістан	741 262	102,1	2,64	200,1
Павлодар	711 298	88,3	1,86	173,1
Солтүстік Қазақстан	484 415	142,6	2,59	279,4
Шығыс Қазақстан	1 411 065	181,9	1,96	356,6
Нұр-Сұлтан қ.	492 900	149,6	2,37	293,1
Алматы қ.	899 065	173,4	1,79	339,8
Шымкент қ.	360 458	114,4	2,54	224,3

	Қазіргі уақытта күнсайын темекі тартатын респонденттердің саны, адам	Қазіргі уақытта күнсайын кальян тартатын респонденттердің саны, адам	Жұмыста темекі түтінің әсеріне ұшырайтын респонденттер саны, адам
Қазақстан Республикасы	914 407	26 083	435 738
Ақмола	51 395	249	13 074
Ақтөбе	45 926	652	18 167
Алматы	99 525	7 714	25 494
Атырау	20 815	306	10 778
Батыс-Қазақстан	26 824	...	8 657
Жамбыл	64 367	1 878	13 571
Қарағанды	80 685	5 061	25 730
Қостанай	68 273	...	14 229
Қызылорда	28 954	310	24 000
Маңғыстау	20 138	...	22 939
Түркістан	52 579	6 987	21 467
Павлодар	44 836	...	10 266
Солтүстік Қазақстан	47 783	459	57 046
Шығыс Қазақстан	89 872	...	33 029
Нұр-Сұлтан қ.	48 736	1 340	21 704
Алматы қ.	78 440	...	60 698
Шымкент қ.	45 259	1 127	54 887

Төменде 3-кестеде келтірілген көрсеткіштер қатарларының вариация коэффициентінің есебі, онда үш позицияда деректер жиынтығы біртекті емес болып табылады.

3.1 Вариация коэффициентінің есебі

	Вариация коэффициенті%	Қорытынды
Қазіргі уақытта күнсайын темекі тартатын респонденттердің саны	42,52	Қатардың әрбір мәні 53788,647 орташа мәннен орташа 22872.561 мәнге ерекшеленеді. Вариация коэффициенті [30%; 70%] шегінде болғандықтан, жиынтық біртекті емес және вариация қалыпты.
Қазіргі уақытта күнсайын кальян тартатын респонденттердің саны	113,43	Қатардың әрбір мәні 2371.182 орташа мәннен 2689.547 мәнге ерекшеленеді. Вариация коэффициенті 70%-дан артық болғандықтан, жиынтық біртектінің шегіне жақын және вариация қатты.
Жұмыста темекі түтінің әсеріне ұшырайтын респонденттер саны	62,79	Қатардың әрбір мәні 25631.529 орташа мәннен 16094.549 мәнге ерекшеленеді. Вариация коэффициенті [30%; 70%] шегінде болғандықтан, жиынтық біртекті емес және вариация қалыпты.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен байланыссыз емес қателерге сараптама талдау жүргізілмеді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Зерттеу барысында іріктеп алынған тұрғын үй табылмауына немесе оған адам қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас

тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады. Зерттеуге қатысудан бас тарту орынсыз құбылыс болып табылады, өйткені іріктеменің көлемін қысқартады және негізінен іріктеменің ықтимал ығысуының қайнар көзі және бұрмаланған статистикалық нәтижелерге алып келеді. Деректерді алмау мәселесін жеңудің ең тиімді тәсілі әрбір жағдайды егжей-тегжейлі құжаттау болып табылады. «Алмастыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындықтар туған жағдайда, әрбір кластерде үй шаруашылықтарының саны 1/3 мөлшерінде (әрбір интервьюерге 10 үй шаруашылығынан) үй шаруашылықтарының резервтік тізімі көзделген. Жалпы алғанда әрбір кластерде 40 тұрғын үй таңдап алынады: атаулы іріктемеде – 30 және алмастырылатыны – 10. Сонымен қатар деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылатынын атап өткен жөн. Зерттеуге қатысудан бас тарту шамамен 5%-ды құрайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру-үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер-арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі–үлесі

Қолданылмайды

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы–үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі–алғашқы нәтижелер

«Қазақстан Республикасындағы ересек халықтың темекі тұтынуы» бюллетенінде алғашқы нәтижелер есепті кезеңнің қазан айында

жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде бекітілген және жарияланған. ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика// Тұрмыс деңгейі статистикасы //Бюллетеньдер.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі–соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. 2021 жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес 2021 жылғы зерттеудің қорытындылары бойынша бюллетень ағымдағы жылдың қазанында жарияланды.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы– коэффициент/СС1

S.17.1.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтығы/СС2

2020 жылдан бастап уақыттық қатарлардың салыстырмалығы бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік


банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленген.

Аталған Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ДДҰ-ның «GATS» әдістемесі бойынша темекі тұтынудың таралуын анықтау бойынша эпидемиологиялық зерттеуді 5 жылда 1 рет жүргізеді. Соңғы зерттеу 2019 жылы жүргізілді.

GATS-тың жаһандық зерттеуі мен D007 нысаны бойынша Ұлттық статистика бюросының зерттеуі бойынша Қазақстан Республикасында темекі тұтынудың салыстырмалы талдауы

пайызбен



Диаграммада көрсетілгендей GATS-тың жаһандық зерттеуі мен D007 нысан бойынша зерттеу деректері 15 және одан жоғары жастағы халықтың темекі тұтынуы тенденциясының төмендегенін көруге болады. Деректер жалпы алғанда өзара салыстырмалы және диаграммада көрнекі бейнеленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Қазақстан Республикасының өңірлерінде темекі тұтыну бойынша




Диаграмма көрсеткендей темекі тұтынушылардың едәуір үлесі Алматы, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында, ал ең аз үлес Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында байқалады.

S.19 Жүктеме

D 008 «Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы», D 007 «Ересек халыққа темекі тұтынуы туралы сауал салу» статистикалық нысандарын темекіні тұтыну, пассивті темекі тарту және оны тастау әрекетінің жиілігін бағалау деректері, сондай-ақ темекі тұтынудың алдын алуына араласу мен бақылау шараларының мониторингісі зерттеледі. Деректерді жинау қағаз тасымалдағыштарда жүзеге асырылады. 2021 жылы зерттеуге респонденттер ретінде 11886 үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесі қатысты. Ақпаратты өңдеу рәсімдері жергілікті бағдарламалар кешенін қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау көзделген. Әкімшілік деректер немесе басқа көздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

2021 жылы нысан қайта қаралды, статистикалық нысан ҚР СЖЖРА

Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) респонденттер үшін //2021 жылғы статистикалық нысандар//жылына бір рет бөлімінде орналастырылған. 2021 жылға ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болмады.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Статистикалық ақпаратты жинау респонденттің статистикалық нысанды өз бетінше толтыруы арқылы жүзеге асырылады. Респондент ретінде үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы мүшесі қатысады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылына бір рет

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады. Деректерді жинау D 008 «Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы» және D 007 «Ересек халыққа темекі тұтынуы туралы сауал салу» статистикалық нысандарын толтыру арқылы қағаз тасымалдағышта жүзеге асырылады. Алғашқы статистикалық деректерді жинауды интервьюерлер Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу графигіне сәйкес жүргізеді. Деректерді тіркеу сауал салу әдісімен жүргізіледі. Зерттеудің басты компоненті: үй шаруашылығымен алғашқы байланыс болатын негізгі сұхбатты жүргізу болып табылады, үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тізімі жасалады және жалпы үй шаруашылығы және үй шаруашылығының әрбір мүшесін жекелей сипаттау арқылы негізгі ақпаратты жинау жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі деректерді редакциялауды, импутацияны және агрегаттауды қамтиды. Өндеудің бірінші кезеңінде деректер қорын редакциялау және оны жұмыс қалпына келтіру жүзеге асырылады. Ол үшін бақылаудың мынадай түрлері жүргізіледі:

1) экстремалдық мәндерді (аутлайерлер) анықтау үшін бақылау. Көрсеткіштердің экстремалдық мәндерінің аясы интервалдан тыс орналасады, оның шекарасы орташа квадратты ауытқу шамасына көрсеткіштердің орташа мәнінен ауытқуымен айқындалады;

2) сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;

3) респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен сұрақнаманың әрбір бөлімінің ішінде логикалық бақылау жүйесі құрылады, ол енгізу қателерін, сондай-ақ үй шаруашылықтары тарапынан болатын тіркеу қателерін жоюға мүмкіндік береді: үй шаруашылықтарының әдеттегідей емес шығыстары (экзотикалық азық-түлік өнімдерін немесе үй жануарларын тамақтандыру үшін қымбат тұратын азық-түлік өнімдерін сатып алу), тұрғын үй алаңы жалпы алаңнан үлкен болмауы тиіс;

4) әр түрлі статистикалық нысандардан алынған ақпараттың логикалық байланысына негізделген бақылау. Екі жақты сұраулардың көмегімен сұрақнамалар арасындағы өзара байланыс тексеріледі, нысандарды толтырудың толықтығы бақыланады.

S.21.5 Импутация-үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Жүзеге асырылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Темекі тұтыну бойынша статистикалық нысан деректерін жинау жылына бір рет жүзеге асатын болғандықтан маусымдық ауытқулар жүргізілмейді.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.